

ҚҰМАРАЛ ҚЫРАНЫ

Біз тағы да жол үстіндеміз. Бағыт – туған жер – Торғай.

Кім-кімге де туған жер қымбат!

Туған жер – түп қазық, айналып келіп тұрар мекенің.

Әрине әр сапардың өзінің мақсат-мұраты болады, бұ жолғы сапардың да өз реті бар, Алматыдан шығарда бәрі пысықталған, бағдар айқын. Жолбасшы – Кенжекең – Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев, бүгінгі заманның айтулы ғалымы, ғұлама ұстаз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі.

Жолға шыққасын ыңғайласқанбыз. Жол қысқарсын деген оймен әңгімедүкен құрып отыруға біз Кенжекең екеуміз бір көлікке жайғастық. Басқалар да сапаласты.

Ұзақ сапарда сөздің бастауыш, баяндауышы болмайды, ой ағымы да сондай, сондықтан әңгіме де, ой да бір жүйе-бір арнаға бағына бермей екеуарадағы ашық-жарқа сұхбат еркін өрбиді. Еске сонау бір 1999 жылдың тамыз айы түсті. Сонда да бір қауым жұрт болып елге келіп кеткен едік. Әрине, ол сапардың жөні де бөлек еді, Торғайға келгесін уақыт үнемдейміз деп, әркім әрқалай бөлініп, бірі ата-бабаларының басын қарайтып, белгі қойып, перзенттік парыздарын өтеген, бірі өз жұмыстарының бабымен ауыл-ауылға – туған өңірлеріне аттанып кетіп, тек қайтарда ғана аудан орталығында табысқанбыз. Бұл жолы олай шашырамауға келістік, сапарлас ағайындардың жұтқан ауасы, ішкен суы, татқан дәмі, басқан топырағы бір болды.

Өткендегі сапарымыз жайлы кезінде "Жол үстіндегі әңгіме" дейтін көлемді эссе-сұхбат жазғанбыз. Ол "Егемен Қазақстанда" жарық көрген. Сонда біз әңгімені: "Кенжеке, үлкен ғалым, ғұлама ұстазсыз, ғылым жолы қиын жол ғой, осыған қалай келдіңіз?" деп аяқтағанымызда, Кенжеғали Әбенұлы: "Бұл үлкен тақырып, ғылым – менің өмірім. Сондықтан бұл әңгімені кейінге қалдыра тұрған жөн шығар. Ғылым жайында жол-жөнекей айтуға болмайды. Ғылым – киелі!" деп еді. Енді сол әңгімені және тірілту ниетте:

– Кенжеке, сол жолғы әңгімені жалғастырсақ қайтеді, – дедік. – Өзіңіз айтқандай, ғылымның киелі екені рас, бірақ тағы да сапар үстінде келе жатқанымызбен мынау ақ жол ғой, ақ жол үстінде таза сөз сабақталмаушы ма еді?

– Сұрауың да, өткенді ұмытпай еске салуың да орынды, – деп сөзін бастады Кенжекең. – Ғылым деген шынында да бір құдірет! Менің жұрттан жасырар сырым жоқ, бар өмірім, өнер, білім, ғылым жолындағы ізденістерім де, атқарған қызметтерім өздеріңнің көз алдарында өтіп келе жатыр. Сондықтан бөле-жара айта қоярлықтай нем бар? Оның үстінде мен тандаған мамандық – экономика саласы ауқымды сала. Демек, өрісі кең ғылым!

Әйтпесе экономика тақырыбы бүгінде қоғамдық ілім-білімнің алдына шығарма еді, күнделікті тірлік, өндіріс, барша шаруашылық жүйесі – бәрі экономикаға келіп тіреледі, иек артады. Сонда экономика ғылым болмағанда қайтеді?!

Бұл ретте ғалым ендігі сөз ырғағын Астанадағы Назарбаев Университетіне қарай бұрып: – Өткенде Елбасының сол оқу орнында оқыған дәрісін телеэкраннан көріп, тыңдадық. Қазақ халқының ғұмырнамалық құжаттарда нақты таңбаланған азаматтық тарихы соңғы мың – мың жарым жыл көлемін қамтиды ғой. Ал тым әрідегі тамырымыздан терсек біздің көне тайпалар шежіресі осыдан бес мың, тіпті одан да әрі жылдар тереңіне сүңгіп кетер ме қайтер. Демек, сол қазақ атымен аталған ұлттық мемлекет шаңырақ көтерген дәуірлер тізбесі Президент дәрісінде біле білгенге тереңнен тартылмады ма. Елбасы өз сөзін: «Біқылым замандардан қалған «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар. Қазақтың бұл мақалының өзектілігі бүгінгі таңда тіптен айрықша», деп бастады ғой өз сөзін.

– Иә, таныс фраза, бала күнімізден құлаққа сіңген тіркес. Атамзаманғы бастыны идіріп, тізеліні бүктірген ежелгі Түрік қағанаты, ұлан-ғайыр Дешті Қыпшақ даласының даңқы, одан кейінгі Алтын Орда дәуірі, сонау Анақарыс, Тұмар, Зарина, Еділ-Атилла, Тоныкөк, Күлтегін, Білге қаған, Бейбарыс сұлтан, Барақ хан тұсын айтпағанда біздің дәл бүгінгі байырғы Қазақстанның (Қазақия) өткен тарихынан сұрыпталып жеткен аталы сөз!

– Ендеше бабаларымыз өздеріне ілім-білім қажеттігін, елге оқу керектігін ерте білгенмен, оның оқу-тоқу дамуын, жүргізуін, бастауын, әдістемелігін білмеген. Бірақ оқудың киелі екенін, қиын екенін білген, сондықтан да "оқу инемен құдық қазғандай" деген. Бұл да өмір тәжірибесінен алынған сөз. Өйткені заман, қоғам сондай еді, бүгінгі дәуір мен өткен көне ғасырлар кезеңін салыстыруға дәл қазір келмес те, уақыт бәріне таразы. Осы ретте бастауын сонау 1456 жылдан алатын елдік тарих, тәу Қазақ Ордасы, оны құрған Керей хан мен Жәнібек хан, бергіні Абылай хан, соңғы Кенесары хан заманын ойша шолып өткенде де айтар әңгіме қысқа. Оқу саласында реттілік жоқ, немесе, білім жүйесі мүлде қалыптаспағанын аңғарар едік, мұндай жағдай тіпті отырықшы, қала салған дәстүрі бар тұрақты деген басқа дамыған Батыс, Шығыс елдерінде де мардымды емес. Содан бергі дәуір кезеңдерін көзге елестетсеңіз, елді жаппай сауаттандыру бағытына бет бұрған кешегі Кеңес өкіметі тұсында да өткендегі дәл біздің Ел Президенті оқыған дәрістей сабақты қазақ жұрты ілгеріде көп тыңдай бермеген екен. Осы реттен де Президент дәрісінің мәні мен мағынасы, ерекшелігі бұрынғылардан мүлдем бөлектеу естілді. Экономиканың ролі ерекше айтылды. Міне, осының бәрі енді келіп сол дәрісте кестеленген негізгі қағидалар Президенттің соңғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы – 2050 стратегиялық бағдарламасында жалғасты.

– Сөзіңіздің жаны бар, Кенжеке, Сіздің бұл пікіріңізді Ахан (Ахмет Байтұрсынов) пікірі растайды. Ол өз заманының оқу-тоқу саласын талдай

келіп: «Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға программа (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан программа деген сөзді айту әлі ертерек. Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, содан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс», – деп жазыпты кезінде.

– Дұрыс айтасың, демек, біздің білім саласында әріге барсақ та, бергі кезеңге үңілсек те оқу жүйесінде өткеніміз тұлдыр екен. Мұның себебі белгілі – кісіге қарағанның күні қараң, бодан елдің бостандығы жоқ, қазақ шаруасының қай саласында да Тәуелсіздіктің таңы атқанша қашан еркіндік болып еді. Ендеше қазіргі қоғамның өткен қоғамның қай-қайсысынан да қаншалықты алыстап кеткенін Елбасының дәрісін тыңдай отырып аңғару қиын болмады. Осы пікірге жүгінсек, бұл заманда білекке сенетін емес, білімге сенетін заман келгенін аңғаруымыз бек керек. Олжа – сол, бүгіндері қазақ даласына білім келді! Таза білім!

Осы аралықта менің жадымда тарихшы Манаш (Қозыбаев) ағамыздың айтқан бір әңгімесі тірілді.

– Бірінші, – депті Адам ата ұлына, – ойлан балам, мал-дүниенің соңына қатты беріліп түспе, өйткені ол ұйқыңнан қалдырады. Ауру қылады. Мейірімсіз етеді. Көз ештеңеге тоймайтыны белгілі. Ол бір уыс топырақпен ғана толады. Екінші, өз жұмысыңның түпкі нәтижесін ойла. Сабырлылық сақта. Пайда-зиянын екшей біл. Үшінші, әрбір жұмысыңды бала-шағаңмен ақылдасып, қабырғаңмен кеңесіп істеуге дағдылан. Төртінші, жақсы көретін ең жақсы адамыңмен, өмірлік жарың – жұбайыңмен әркез сыйлас. Қысқа өмірде бір-біріңді құрметтеп өткеннен қымбат нәрсе жоқ. Бесінші, көңілің қаламаған жұмысты ешқашан қолыңа алма. Содан кейін – өтірік айтпа, өйткені өтірік несібеңді жеп қояды. Абыройың төгіліп, тиесілі сыбағаң өзіңе бұйырмай кетеді. Енді бір есіңе ұстар жайт – ішімдік жүрген жерде ақыл болмайды. Әрі шарап сауапты жеп қояды. Ал адамның сауаппен көгеретінін ұмытпа. Және айтам – садақа беріп жүр. Адамда 444 сүйек, 362 тамыр бар көрінеді. Осы сүйек пен тамырдың әрбіріне садақа жасау қажет. Ең соңғысы – қанағат деп жүр. Барға да, жоққа да тәуба жасап қанағат етсең күнәң кешіріледі, – деп. Сөз саптау ұсталығы мен тұрақты ой-тұжырымына қарап отырып Кенжекең маған Адам атаның осы насихатын білетін адамға ұқсап кетті. Өйткені Кенжеғали Әбенұлы өзін үнемі бір қалыпта ұстайтын кісі ғой, адам жолда танылады. Сан сапарда бірге болып жүреміз, сонда әдептен де озбайды, мінезі де орнықты, өзіне баурай тартып, маңайын үйіріп алады.

Сөз сабақталсын деп мен Абай тақырыбына ойысып:

– Кенжеке, сона заманда Ахмет атамыз Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп қазақпен тәу таныстырып еді, сіз бүгінгі заманда жаңа ұрпаққа Абай әлемін аштыңыз. Осы сабақтастық текте жатпасын, әрі Ахаң мен Сіз аталассыз, бір жерде, бір елде, бір топырақта дүниеге келгенсіздер, – дедім. – Осының мәні неде?

– Жә, батыр, бүгінде абайтанушылар көп болғанымен, Абайды алғаш қазақ даласында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов танытқан. Және бір алыбымыз Мұхтар Әуезов Абай төңірегінде өлмейтін-өшпейтін мұра жаздырып қалдырды. Осылайша абайтану ілімі басталғаны тарихи шындық. Енді әлемдік Абайтанудың негізі қаланғанының куәсі боп жүрміз. Осыдан біраз жыл бұрын Абайдың 150 жылдық мерейтойын тойлау туралы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімі шыққанын да білеміз. Мен сол тұста Ұлттық Академияның президенті едім ғой, міне, сонда әрі жұмыс бабының ретімен, екінші өзімнің жүрек қалауыммен Абай жайлы сөйлеуге, айтуға тура келді. Сен сондағы сөзді қозғап тұрсың ғой, ия, орынды. Осы тұста және бір пікір қосайын: Есінде болса Елбасы Түркістанға барғанында қазақтың адастырмас темірқазығы болатын үш ірі мәселені айтпады ма, біріншісі – тарихынды толық білу, екіншісі – жан-жаққа тартқан діни ағымдардан арашалайтын Ясауи ілімі мен философиясын оқып үйрену, үшіншісі – ұлан-ғайыр Абай өркениеті! – деп. Міне, бұл, ұлттық идеологияның негізгі қағидасы!

Абай – әлемдік тұлға. Ол өз халқының мұң-мұқтажын, мәдениетін, қоғамдық ой-санасын, көркемдік ізденістерін мүлдем жаңа сапаға көтерді. Сонымен бірге оның арман-аңсары (идеялы) бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұрағаттарымен де үндесіп жатыр. XX ғасырда кез-келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші кезекке шықты. Бұл тұрғыдан Абай көксеген «бүтін адам», Абай армандаған «толық адам» проблемасы ең озық ой-идея ретінде бүгінгі зерделі қауымды да бейтарап қалдырмайды. Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды терең тани түсеміз. Өткен мен бүгінгінің парқын білеміз, болашағымызға сеніммен қараймыз. Сондықтанда ма екен даналықтың өлшемі болып есептелетін Абайды былайғы жұрт оның ақындық және рухани мұрасын халқымыздың ұлттық энциклопедиясы деп те орынды атайды. Осы реттен де ұлттық идеяны игеру мен іске асыру қазіргідей өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған қазақ ұлтының, бүкіл қазақстандық отандастарымыздың басты идеялық бағдары болмақ.

Осылайша ойын түйген Кенжекең енді сөз бағытын өзгертіп, әңгіме арнасын Торғай-дуан тақырыбына бұрды да:

– Торғайдың баяғы біздің бала күніміздегі келбеті есінде ме? – деді.

– Әрине есте, әйтсе де көкіректе көмескіленіп бара жатқандай...

– Ол рас, дүниенің бәрі көмескіленеді, ескіреді... Бірақ тарих көмескіленіп ескірмеуі тиіс. Біздің бұл "Торғай-дуанның" іргетасы 1845 жылы қаланды деп жазылып жүргенмен, негізін сонау Шақшақ Жәнібек заманынан бастаған жөн бе деймін. Себебі, тым алысқа шегінсек, Торғайға

катысты оқиғалар тізбесі бастауын сонау ХҮІ ғасырдан алатын сияқты. Бұл туралы дерек қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның немересі Абдолланың 1532 жылы мамырдың 19-22 жұлдызында Торғайдан Ұлытауға өткенін жазады. Кейінгі сызбаларда да Торғайдың жағырафиялық сәулесі алыстан түседі. Бұған 1627 жылы А.Мезенцев жасаған тарихшы А.Краусстың "Азиядағы Ресей" (1889 ж.) дейтін еңбегі және басқа да туындылар айғақ...

– Осыны Ғафу ақын дөп басып айтқан ғой. Ол:

Көшелер құрғақ өзен арнасындай,

Қала едің кәрі шуда нар басындай.

Ішіне оқиганы тиеп-сықтап,

Тарихтың қойып кеткен арбасындай, – десе айтқан-ақ емес пе!

– Ғафу ағамыз дөп басып-ақ айтқан, бейнелі айтқан! Тіпті патшалық Ресей тұсында да Торғайдың қала аты, өзіндік таңбасы болған – 1878 жылы бекітілген заңды белгісі бар, деректер жетеді. Соны жаңғырту жөн...

– Әттең, бір кем дүние! Торғайдың бүгінгі келбеті... "Шет аймақ", "Түкпірдегі ел" күйінде қала берсе болашағы нешік болар...

– Гәп осында, ойласатын-ақ тақырып! Бұл өңірдің тағдыры бәрімізді де толғантуға тиісті...

– Осындайда ел адамдары еске оралады. Мен әлі күнге баяғы көне көз қарттарды еске аламын, бейнелері көз алдымда...

– Менің де Торғайға келіп оқыған жылдарым есімде қалыпты, Торғай жұртының қариялары бір қазына еді ғой, шетінен шешен, шежіреші, әңгіме отауын қалай құрушы еді... Соның ортасында менің Мұрат әкем отырушы еді...

– Отырғаны несі, сіздің Мұрат әкеңіз сол ортаның ұйытқысы-тын, Көзіміз көрді. Біздің үйіміз дуандағы Торғай өзенінің жағасында, нақ көпірдің түбінде болатын, сіздің сол әкеңіз біздің Темірғали атамызбен албарлас еді-ау, көрші тұрдық. Күндегі дағды, екінді әлетінде, көлеңке ұзара сол Темірғали атамыздың ауласы кісілерге толып кететін. Пионер көшесінің байырғы тұрғындары менің Бірмағамбет, Мұхаметқали, Есқали аталарым, Самат, Бәйгерей, Тұрмат, Төлеген, Әмірғали, Борсан, Жетімек, тағы кім ұмыт қалды... Бұларға атақты Айса, Нұрхан ақын, боса да Мұрат ақсақал қосылады. Әңгіме-дүкен базары қызатын... Біздер, балалар үлкен кісілердің әңгімелерін ұйып тындаушы ек...

– Біздің Мұрат әкеміз:

Ертеде естімеген елде көпті,

Ермек қып кім айтады елде жоқты.

Бірі әділ, бірі залым, бірі момын,

Жаралған бәрі бірдей пенде жоқты.

Қарт Мұрат бүгін алып бір тізесін,

Жосылтып сөйлеуші еді сөз жүйесін.

Бір топта тамсандырып айтып өтті,

Баяғы Қарға ұрының әңгімесін, – деп басталатын жырды білуші ме едің, сондағы "қарт Мұрат" менің әкемнің сүйек жағынан ең жақын інісі еді ғой...

– Мұрат ақсақал халық ақыны – Нұрхан Ахметбековтың айтулы "Қарға" дастанының бас кейіпкері!

– Атағы ер жігіттің өнерінде,

Өмірге кім арашы сөнерінде.

Айтыпты бір әңгіме Қарға дейді,

Халыққа сырын ашып өлерінде, – деп жосылтушы еді-ау ән-жырды!

– Иә, ол да бір өткен заман...

– Заман болғандай қандай, біздің Мұрат әкеміз әсіресе Ахаң жайлы мол әңгіме айтатын, көп білуші еді... Ахметтің шапшаң дамып, жылдам өсуіне және бір әсер еткен жайт, сол тұстағы Торғай тересіндегі жалпақ жұртқа белгілі ақындық мектеп екенін бүгіндері біреу біліп, біреу білмейді. Атақты уақ Жұмабай, Есенжол Жанұзақұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Құбаш Шалбайұлы, Әбіқай Нұртазақұлы, Күдері Жолдыбайұлы, Қашқынбай Қазұлы, Әбдірахман Иманқұлұлы сияқты ақындар дүниеге келген Торғай өңірі Аханды дүр көтерген ғой. Мұрат әкем солай деп отырушы еді.

Кенжекең осы тұста тіптен шешіліп, ауылда бала күнінде құлағында қалған ескі әңгімелерге көшті.

– Орынбордағы оқуын бітіргесін Ахаң "Жалғыздың жары құдай" деп елге оралмай Батпақтыға – Ақтөбе уезіне мұғалім болып барыпты... Батпақтыдағы ауыл мектебінде бірер жыл жұмыс істеген ол Қостанай уезінің Әуликөлдегі болыстық мектебінде, кейін Қостанай қаласының уездік екі сыныптық орыс-қазақ школында сабақ береді. Осында ол үйлі-баранды болған. Жұбайы Александра Ивановна – Бәдрисафамен некелеседі...

– Ахаңның бұдан соңғы өмірі Омбы, Қарқаралыда жалғаспай ма...

– Омбы, Семей, Орынбор, Қызылорда – бұл Ахаң шарлаған шаһарлар. Бәрінен де қызық әңгіме: Ахмет атамыздың Торғайға келуі ғой. Ол Торғайға келген бір сапарында атақты «Аққұм» әнін шығарыпты.

Аққұмның бір қызығы бар Іңкәр атты,

Сөзі бар алуан шекер, балдан тәтті.

Адамның өзім көрген абзалы екен,

Айтайын өлең қылып перизатты, – деп басталатын бұл жыр кейін халық сүйіп айтатын ән боп кеткен десетін әкелеріміз.

– «Аққұм» әнінің кейіпкері Іңкәрді білесіз бе?

– Естуімше, Іңкәрды Торы Қыпшақтың Бессарысына жататын айтулы әнші-күйші Бөгембай салдың қызы десетін.

– Иә, сол Бөгембайдан Дүйсембай мен Іңкәр туылыпты. Іңкәрдің нағыз ару боп өскен бойжеткен кезінде Ахаңның көзіне түскені шындық, тәу махаббаты болғаны және рас дейді білетіндер. Ахаң «Аққұмнан» соң «Қараторғайды» жазған. «Қараторғай», «Аққұм» әнінің заңды жалғасы, бұл екі ән – егіз әндер. Екі ән де Іңкәрға арналған.

– Бұдан соң Ахаң «Қарғаш», «Екі жирен» әндерін жазыпты ғой...

– Аханның «Қарғашы» да Іңкәрға арналған. «Қарғаш», «Қараторғай», «Аққұм» – триптих әндер!

Осы кезде біздің алдымыздан Торғай қылтиған. Әңгіме тежелді.

Елтіген көңіл киелі жұрт шетіне жеткесін толқиын деді. Бәрі тағдыр. Жолда топшылап келемін ғой, «елде кім бар?» деп. «Ет жақындар аз қалыпты-ау, өзі... Анам көз жұмған, ағайындар да таусыла бастапты, достарымның біразы шетінеген,.. қатар сирепті...» Кенжекең де ойлы... «Жақсылардың біразы жер астында...» деп келе жатқан жол бойы. «Тірлік-ай, – деймін іштей, – елге – туған жерге келіп, мауқыңды басып, аунап-қунап кету ерсі болмағанмен, біздің осы жүрісімізді кім қалай қабылдар? Салтанат көре ме, әлде естілік дер ме?...» Еске Міржақып атамыздың «Туған жер» дейтін жырын түсірді:

Айт шыныңды, көңілім, қайда барасың,

Қаңғырудан қандай пайда табасың?

Тоқталатын келген жоқ па мезгілің,

Дамыл таппай күні-түні шабасың.

Ойнақтайсың, от басасың, тұрмайсың,

Бір басыңның текке аласың мазасын.

Білмеймісің, табалайды дұшпаның,

Алаңғасыр алып жүр деп жазасын.

Басыл енді, күлкі болма, көңілім,

Жүрегімнің шаныш берме жарасын.

Дейді көңілі сонда әсте мұңайып:

«Сарыарқаның сағынамын даласын»!

Осы «сағыныш» деген бір сөз бәр күдікті ысырғандай. Қуатқа қуат қосылды.

О, туған жер! Армысың – Сарыарқа! Сағына жеттік, саған!

Атажұрт ыстық та, керемет қой. Кенжеғали Әбенұлы да сілкінгендей, ажары нұрлана, төңіректі шалады. Ол бір сәт сол қапталда қалып бара жатқан жолды нұсқап:

– Әне, Ақкөлге тартатын біздің ауылдың қара жолы! – деп дауыстап жіберді.

– Алла бұйыртса бүгін Торғайда ат шалдырып алып, ертең осы қара жолға түсеміз! – дедім мен де оның сөзін қостап.

– Иншалла! – деді Кенжекең сүйсіне. – Сан жүрген жол ғой бұл, бұл жол үстімен кімдер жүрмеген, іздер, іздер...

Әрине, Торғай-дуан, жалпы ел қарсы алды-ақ қой. Несін айтасың... Бірақ бұл жерде ішкен-жегенді айту да жөн емес, алдыңнан шыққан басшы-қосшыны тізу, сәлем-сауқат сұрасқан ағайынның атын атап, түсін түстеп хатқа түсіру де артық. Ең бастысы – ықылас, ниет түзу. Пейілде шек жоқ. Бәріне – тәуба, қанағат.

Ас-су, дәмнен соң аудан орталығын аралап, музейлерді көрдік. Музей демекші, мұнда музей көп-ақ. Ахаң мен Жақаң музейі, Шақшақ Жәнібектің, Әліби Жангелдиннің, Нұрхан Ахметбековтің...

Аудан орталығы ажарын түзеген. «Біткен іске мінші» болмайық дей жүрсек те көңіл алаң, бала кездегі көз үйренген кеніштерді іздейді. Бұрын Торғайдың көшелері атқан оқтай түзу келетін, қазір көшелер қисық-қисық. Баяғы Пионер көшесі бөлініп қалыпты. Көшенің нақ ортасында мешіт тұрғызылған. Құрылыс мектебі дейтіннің орнына кафе салыныпты, ескі клуб үйі бұзылған, бұрын сол орынды саудагер Якушевтің дүкені деуші еді. Ыбырай мектебінің жаңа құрылысы ұнамады. Аманкелді батырдың штаб-үйі болған дейтін ғимарат, ескі орталық алаңындағы үлкен қоңырау, жер кіндігі делінетін темір құбыр, сәнді көпір – бүгінде соның бірі жоқ... Торғай өзені де тартылған, арнада су аз, биыл өзен тасымапты.

Кенжекең осы сапарға бет алғанда-ақ: «Біздер елге шыққан уәкіл-өкіл емеспіз, сондықтан әкім-қара мекемесін жағалап, жұртты дүрліктірмелік», деген. Осы ұстаным қатаң сақталды. Ертеңгісін «Ақкөл» астық.

«Ақкөлдің» жолы... Жол деген ғана аты, әйтпесе «Кенжекең қиялындағы қара жол» машина жүретін «жол» болмай шықты, ит ырғақ – өгіз аяңмен жылжуға тура келді. Бірақ «осы жол» Кенжекеңе қатты ұнады. Өзі тым сергек, ауылына беттегеннен-ақ жадырай жанып, ажары ашылып, дала табиғатынан ләззат тауып, көкірегінде сақталған елінің көне суреттері көз алдына елестегендей, балалық шақтың аралын кезген тәтті қиял ырғағында тербеліп отырды.

«Ақкөлдің» орталығы – Ызбан! Ызбанда қонақтарға деп тігілген киіз үйлердің Ақкөл жағасында екені анықталды.

Ақкөлге табан тірелді. Бұл арадан Ахаң дүниеге келген Сартүбек, Кенжекең өмір есігін ашқан Құмарал қашық емес, таяқ тастам жерде, екі мекен де Ақкөлдің сағасында. Бірақ Сартүбек пен Құмаралда бүгіндері ел тұрмайды, олардың орындарында құм басқан көңдері ғана жатыр.

Көңдер, құм төбелер, аңсаған Ақкөл... Ақкөл көлі аспанның көз жасындай мөлдіреді. Ұлытаудан құйылатын Жыланшық өзені оны жылма-жыл толтырып тұрады. Жыланшық тасыса Ақкөлдің берекесі кіреді – жарқырайды, жайылады, ел ырысы! «Жыланшық құрғаса Ақкөл жылайды» дейді жергілікті тұрғындар.

Біз Сартүбекте тұрмыз – Ахмет Байтұрсыновтың туған жері, киелі мекен! Кішкентай ғана мүйіс. Жыланшықтың Ақкөлге құяр мүйісі. Жазда бұл жер күннің ыстығынан сарғайып кетеді, сондықтан болар аты да «Сартүбек!». Осыдан ұзамай жатып 3-4 шақырым жерде құмды өлке басталады, қазақтар бұл тұсты «Құмарал» атайды. Міне, осы құм таулы, шағырлы-жынысты алқапта Кенжеғали Әбенұлы туған...

Туған жер, бір кездері өмірі жайнаған, тіршілігі қайнаған ауыл орны – Құмаралға келгенде Кенжекең де толқығандай, сапарлас достары жиылып ғалымды кір жуып, кіндік кескен орнында, туған топырағына мауқын бассын деп аунатып алдық...

Өттең, бір кем дүние, қайдамыз осы, ауыл неге құлазып, бос қалған?.. Ақкөл өңірін олай шарладық, былай кесіп өттік – бәрі бос, ен даладан не жан, не мал кезіктірмейсің... Жер астынан мұнай шықты дейтін Қараой, Шөптікөл,

Аққұм, Айыркұм, бір жағы Тосын құмы аралықтарының бәрінде тірі жан ұшыраспайды. Елсіз мекеннің әр жер – әр жерінде жарқыраған Тұзкөлдерді ұшыратасың, кәдімгі қаратұздар, табиғи астұздары жылтырайды. Шіркін, кәсіпорын ашып жіберсе ғой дейсің, дайын өнім далада жатыр... Ғажабы сол, Шөптікөлде жер астынан ыстық сулар атқылап тұр, бірақ бұған назар аударып жатқан жан және көрінбеді. Жан! «Жан» дедік пе? Немене, сонда бұл ауылда жан жоқ дедіңіз бе – жоқ бар, болғанын көзіміз көрген. Және қандай еді! Өттең дүние, сол бар жандардың өшкенді жаңғыртуға қолдары қысқа, тұйық ауылдың бұйығы тірлігін ашып жіберуге мүмкіндіктері келмейді, білек сыбанып іске кірісейін десе қолда жұмыс жоқ, бұрынғы колхоз-совхоз жүйесі жойылғасын дағдарып қалған. Жұрттың елді тастап, басқа жаққа көше бастауының себебі де осы тұстан басталады. Міне, гәп қайда, күйбең тірліктің мәнін қайдан іздеу керек. Сондықтан да бұл өңірде адамдар қарасы сирек, аз, бірақ сол ата жұртта қалған аз адамдар мейірімін айтпайсыз ба, алдыңнан ас-суын, дәмін алып шығып, жік-жапар болғанын көргенде іштей егілесің «қайран, қазағымның таза ықыласы-ай» деп. Қайда барсаң да жылылық, сағыныш, пейіл!..

Осылайша біз Ақкөл жақтың оң-солын армансыз сүзіп, тұзына түсіп, суына шомылып біраз араладық, ағайындардың ыстық ықыласына бөлендік, қорымдарға барып ата-баба рухтарына дұға қылып, құран бағыштадық. Ахмет Байтұрсынов әке-шешесінің, Кенжеғали Әбенұлы аталарының бейіттерін көрдік, аруақтарға тағзым еттік. Анық аңғарылғаны: Аудандағы бұрынғы дүркірей аты шыққан «Ақкөл» кеңшарында бүгінде неге өрісінде мал, даласында егін жоқ десек мұнда жұрт істейтін кәсіп жоқ екен, техника жоқ, тіпті ең Ақкөлдің ең болмаса тегін балығы ауланбайтынының да себебі жағдайлары жоқтығында екен...

Ойға келеді: «Неге бұл өңір игерілмейді?» – деп. «Қашан бұл дала тағдыры шешіледі?» деп. Үкімет ойласа болады, жалпы осындай өңірлер төңірегінде толайым бір қаулы-қарар қабылдау керек шығар, иә, керек-ақ!

Рас, бұл айтылмай, көтерілмей, жазылмай жүрген тақырып емес – бірақ әр кезде де мән берілмей, әрдайым шетқақпай болып келе жатқан қазақ шаруасы екені және анық. Осы жайттар толғандырады ма, Кенжеғали Әбенұлы да үнсіз. Әлде бір нәрсені іші сезе ме, ойлы... Ғалым жүрегін түсінуге болады. Несіне үндесін, Кенжекең де, біз, қонақтар да бұл елді сынап-мінеуге келіп пе ек?.. Бәрі белгілі жайт қой... Соның ішінде Кенжеғали Әбенұлы бұл мәселелерді білмейді емес біледі, өзінің де сан көтерген мәселесі. Қайтерсіз, біз осындаймыз, қазақ ауылдарының жай-күйі жүрек сыздататындай дәрежеде бола тұра әлі де бейғамбыз. Даурығу көп. Бізде қазақ шаруасының жайын жүре тыңдау әдетке айналған...

Өмір көші ілгері жылжуда. Қанында тектіліктің, жанында іріліктің, жұмысында реформаторлықтың бойында ерлік пен күрескерліктің мол табы бар ғұлама ғалым – академик алысқа қарайды. Құмарал қыранының ажарынан сапардан түйген ой жүйесін қорытуға асыққан кісінің кейпі байқала ма, қалай?..

Беу, тіршілік... Туған жер, ел-жұрт, ағайын-бауыр, сен аман бол, дүние тұрғанша тұр, қайран ата-мекен!

**Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ,
жазушы.
Қазақ әдебиеті газеті**